AIQYN

Сенат

МАРОККО ЕЛШІСІН ҚАБЫЛДАДЫ

Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев Марокко Королдігінің Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Абделжалил Саубриді оның өтініші бойынша қабылдады. Төрага Қазақстан Марокконы БҰҰ және басқа халықаралық ұйымдарындағы маңызды әріптес ретінде қарастыратынын атап өтті.

Оның айтуынша, Орталық Азиядағы алғашқы және жалғыз елшілігін Астанада ашу туралы Марокко үкіметінің шешімін Қазақстан лайықты деңгейде бағалайды. Мароккода еліміздің дипломатиялық өкілдігінің құрылар кезі де алыс емес.

Қ.Тоқаев БҰҰ Бас ассамблеясының 72-сессиясында Марокконың вице-президент лауазымына сайлануымен құттықтады. Бұл – бейбітшілікті қолдау мәселелері, климаттың өзгерулері мен терроризммен күрес салаларындағы БҰҰ қызметіне Марокконың үлесін халықаралық қоғамдастықтың мойындауы.

Өз кезегінде елші мырза БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіндегі сындарлы ынтымақтастық пен Марокко ұстанымдарын қолдауына байланысты Қазақстанға алғысын білдірді.

Парламентаралық ынтымақтастықты талқылай келе, жүздесушілер байланыстарды одан әрі дамыту және барлық деңгейдегі делегациялар алмасудың қажеттігін атап өтті.

Қ.Тоқаев биыл қазан айында «Діни көшбасшылар қауіпсіз әлем жолында» тақырыбы бойынша Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің кезекті съезіне әзірлік туралы дипломатты жан-жақты хабардар етті.

«Қатысушылардың жоғары деңгейі мен аукымды сипаты талқылауға шығарылатын тақырыптардың маңыздылығын ғана емес, сондай-ақ дипломатияның көптарапты орталықтарының бірі ретіндегі Қазақстанның халықаралық беделін де паш етіп отыр» деді Сенат басшысы.

Мәжіліс

Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен Мәжілістің үшінші сессиядағы соңғы жалпы отырысы өтті. Осыған орай, палата төрағасы Мәжіліс депутаттарының жұмысын қорытындылады. Спикердің айтуынша, депутаттар өз жұмысында өткен жылғы қырқүйектегі сессияның ашылу рәсімінде Елбасы белгілеген стратегиялық басымдықтарды басшылыққа алған.

– Бұл сессия Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Мәжіліс алдына қойған маңызды міндеттері мен тапсырмаларын орындауға арналды. Дәл осы үшінші сессияда Мемлекет басшысы Парламент палаталарының бірлескен отырысында өзінің Бес әлеуметтік бастамасын жариялады. Соған байланысты осы кеңаукымды бастамаларды жүзеге асыруға бағытталған заңдар қаралып, қабылданды. Яғни, бұл сессия «әлеуметтік жаңғыру сессиясына» айналды деуге болады. Жалпы алғанда, Елбасының стратегиялық бағытын жүзеге асыруды көздейтін көптеген маңызды заңдарды қабылдап, бірталай парламенттік шаралар өткіздік, – деді Нұрлан Зайроллаұлы.

Нақтырақ айтқанда, өткен сессияда Мәжілістің 38 жалпы отырысы өтіп, оларда 263-тен астам мәселелер қаралды. Осы кезеңде палата қарауында 128 заң жобасы болған, сессия барысында оның 91-і мақұлданып, Сенатқа жолданыпты. Спикер осының барлығы депутаттық корпустың Үкіметпен, тиісті мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесе атқарған жұмысының нәтижесі екеніне назар аудартты.

Заң шығарушылық жұмыс сыртында Мәжілісте 18 Үкімет сағаты, 2 парламенттік тыңдау, 13 дөңгелек үстел, палатаның тұрақты комитеттерінің 21 көшпелі отырысы және 3 халықаралық конференция ұйымдастырылды. Депутаттар халықаралық және парламентаралық ынтымақтастықты белсенді дамытты, әртүрлі мәселелер бойынша еліміздің принципті ұстанымдарын табанды қорғай отырып, саналуан халықаралық ұйымдардың диалогтық алаңдарында сөз сөйледі.

– Сессия аяқталуда. Бірақ бізді алда өңірлерге сапар және сайлаушылармен кездесулер күтіп тұр. Осы кездесулер барысында айтылатын ұсыныстарды біз өзіміздің ары қарайғы заң шығарушылық қызметімізде ескеруге тиіспіз, – деп түйді Н.Нығматулин.

Сессияжабар отырыста Мәжіліс депутаттары «Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше бір мемлекеттің азаматтары Еуразиялық экономикалық қоғамдас[illegible]не екінші мемлекеттің аумағында [illegible] қызметін жүзеге асыру кезінде ұш[illegible]ан өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру тәртібі туралы Келісімді ратификациялау туралы» заң жобасын мақұлдады. Халықаралық шарттың атауынан белгілі болып тұрғандай, ЕурАзЭҚ аясында оған кіретін мемлекеттердің бірінде қазақстандықтар кезіккен өндірістегі жазатайым оқиғаларды тергеп-тексерумен байланысты қоғамдық қатынастар осы келісімнің реттеу нысанасы болып табылады. Депутаттар бірауыздан құптаған келісім Сенатқа жолданды.

Палата сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы екіжақты шартты да қабылдап, жоғарғы палатаға ұзатты. Құжатқа сәйкес, дамыған елдер мүше Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының модельдік конвенциясына енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Қазақстан тарапы Өзбекстанмен арадағы «Қосарланған салық салуды болдырмау туралы келісімге» өзгерістер енгізуді ұсынады.

Шарттың мән-жайын түсіндірген Қаржы министрі Б.Сұлтановтың айтуынша, ол бірнеше мақсатты көздейді.

«Біріншіден, көрші екі ел арасында алдағы уақытта салықтың барлық түрлері бойынша ақпарат алмасу жолға қойылып, салық қызметтері арасындағы ынтымақтастықты нығайту қарастырылады. Екіншіден, ішкі заңнамада көзделген салық төлеуден жалтаруға қарсы шаралар қолданылады. Үшіншіден, заңды тұлғалар бойынша косарланған резиденттік проблемалар жойылады. Төртіншіден, кейбір қызмет түрлерін жүзеге асырған кезде, олардың табыстарына бірінші күннен бастап салық салынады» деді Бақыт Сұлтанов.

Бұдан басқа, Хаттамамен Келісімде көрсетілген салықтарының атаулары жаңғыртылды, «Проценттер», «Роялти» және «Тәуелсіз жеке қызметтер» баптарының ережелері және тағы да басқа баптардың ережелері нақтыланды.

ӨЗБЕКСТАНМЕН АРАДАҒЫ ҚҰЖАТ МАҚҰЛДАНДЫ

Бас қаржыгер қазақ елінің Өзбекстанмен өзара сауда-саттығына қатысты кейбір деректерді жариялай кетті. Екі ел арасындағы тауар айналымы соңғы он жылда (2008-2017 жылдар) 17,8 млрд долларды ғана құрады. Өзбек ағайынның Қазақстаннан сатып алатын негізгі тауарлар қатарына қара металдар (22,6%), мұнай өнімдері (18,9%), бидай (16,7%), бидай ұны (9,1%) жатады. Біздің олардан таситын импортымыз құрылымында жемістер мен жаңғақтар (32,5%), табиғи газ (15,5%), көкөністер (10,2%) басымдыққа ие.

Мәжіліс екінші оқылымда жарнама мәселелері бойынша түзетулерді де мақұлдап, Сенаттың қарауына жіберді.

Отырыс соңында депутаттар орталық мемлекеттік органдар басшыларының атына депутаттық сауалдар жолдады. Мысалға, «Нұр Отан» фракциясының мүшесі Қ.Ержан вице-премьер Е.Досаевқа жүгініп, жастардың еңбек нарығындағы кәсіби бәсекелестікке қабілеттілігін жетілдіру және қолдау мәселесін көтерді.

«Елімізде 824 колледж бар, олардың 477-сі – мемлекеттік, ал 347-сі – жеке. Оның ішінде ауылдық колледждер саны – 175. Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы бұйрығымен бекітілген қағидаға сәйкес, мемлекеттік білім беру тапсырысын еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып орналастыру қажет. Мәжіліс депутаттары кәсіптік-техникалық дайындыққа байланысты бұл мәселені бірнеше рет көтерді» деген ол мемлекеттік тапсырыс арқылы оқытылған көптеген мамандар сұраныска ие болмай отырғанын айтты.

Үкімет

ҚАЗАҚСТАН «ЖАҢА ЖАҒДАЙҒА» СӘТТІ БЕЙІМДЕЛДІ

Үкімет үйінде Премьер-министр Бақытжан Сағынтаев Халықаралық валюта қорының Қазақстандағы миссиясының басшысы Марк Хортонмен кездесті. Кездесу барысында ХВҚ-мен бірге еліміздің макроэкономикалық және салық-бюджет саясатын, қаржы секторының қызметін дамыту мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар «Нұрлы жер» және «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аукымды бағдарламаларын, жекешелендіру, жер реформасы, «Астана» халықаралық қаржы орталығын іске асыру бойынша ары қарайғы өзара іс-қимыл жайы қаралды.

Халықаралық валюта қорының өкілі Марк Хортон Қазақстандағы оң өзгерістерді атап өтті. Оның мәліметінше, ортамерзімді кезеңде әлемдік экономикада, қаржы және тауарлық нарықтарда тұрақты жағдайды сақтау көзделіп отыр.

«Қазақстан жаңа қалыпты жағдайға сәтті бейімделді және икемді экономика моделін ұстануын жалғастырып келеді. Макроэкономикалық тұрақтылық плацдармы – мемлекет жүргізіп отырған монетарлық және қазыналық саясат, тұрақты қаржы секторы мен кор нарығы» деді М.Хортон.

Мәртебелі мейман атап өткендей, іске асырылып жатқан бағдарламалық құжаттармен қатар, экономикалық өсімнің қозғаушы күші – Төртінші өнеркәсіптік революция және жаппай цифрландыру элементтерін енгізуді ескере отырып, экономика салаларын технологиялық жаңғырту. Жанашылдықтардың негізгі иеленушілері өңдеу секторы, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, сонымен қатар құрылыс болады.

«Индустриялық-инновациялық даму, тұрғын үй құрылысын инфрақұрылымдық дамыту, экономиканы цифрландыру және баска да бағдарламаларды іске асыру арқасында экономиканың барлық салаларын алға жетелейтін даму қамтамасыз етіліп отыр. Біз барлық мемлекеттік бағдарламаларды ілгерілету мен сәтті іске асыруда сіздерге қолдау білдіреміз» деді ХВҚ миссиясының басшысы.

Өз кезегінде Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев Қазақстан Үкіметі ХВҚ-мен өзара іс-қимыл тәжірибесімен алмасуға және үздік практикаларын таратуға ықпалын тигізуге әзір екенін атап айтты.

Қазақстан 1992 жылы 15 шілдеде ХВҚ мүшесі болды. 2010 жылдың күзінен бастап еліміз ХВҚ-ның «швейцариялық тобына» енді (бұрын Қазақстан ХВҚ «бельгиялық тобында» болған еді). Қазіргі тобымызға қазақ елінің сыртында Швейцария, Польша, Сербия, Әзірбайжан, Қырғызстан, Түркіменстан, Тәжікстан елдері де кіреді.

Осы күні Үкімет жетекшісі Үкімет үйінде Цифрландыру жөніндегі комиссияның отырысын өткізді. Жиында «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында Ақпарат және коммуникациялар, Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі, Білім және ғылым, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктерінің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ білікті IT мамандарды даярлау тәсілдері қаралды.

Қазақстанда 80 мыңға жуық ұйым өз қызметінде интернет пайдаланады. Алдын ала бағалау бойынша, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы еңбек нарығы түрлі деңгейдегі біліктілігі бар әртүрлі мамандықтың шамамен 35 мың қызметкерінен тұрады. Осыған байланысты БҒМ мен ҚАӨМ бірлесе отырып, «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығы бойынша білім гранттарының санын 2018 жылдан бастап 60-тан 500-ге дейін ұлғайтты.

Отырыс

84 ЗАҢ ЖОЛДАМА АЛДЫ

Сенаттың сессияжабар жалпы отырысы өтті. Палатаның үшінші сессиядағы жұмысын қорытындылаған Қ.Тоқаев қазіргі халықаралық ахуалда текетірес күшейген кезеңде еліміздің тұрақты дамуын және ұлттық мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған Мемлекет басшысының стратегиялық шешімдерін заңнамалық тұрғыдан дер кезінде қамтамасыз етудің маңызы ерекше екенін атап өтті.

–Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауы және халықтың әл-ауқатын арттыруды көздейтін Бес әлеуметтік бастамасынан туындайтын аукымды міндеттерді жүзеге асыру барысында Парламент 84 заң қабылдады. Олардың бірқатары күшіне еніп, бүгінде халық игілігіне қызмет етуде, – деді Сенат басшысы.

Ол қазіргі жаһандық өзгерістер мен сынқатерлер тоғысында ішкі саяси тұрақтылықты сақтау және халықаралық аренада ұлттық мүдделерімізді қорғау мәселелері өте маңызды екенін нықтады.

–Бұл ретте таяуда қабылданған «Қауіпсіздік Кеңесі туралы» заң қазіргі дүрбеленге толы дүниеде мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, елдегі ішкі және сыртқы саясатты жүргізуде Елбасының жетекші рөліне берік құқықтық жағдайды, кепілдіктерді әрдайым қамтамасыз етеді, – деді Қ.Тоқаев.

Жоғарғы палата басшысы сайлау заңнамасына еліміздегі демократиялық үдерістерді тереңдетуде саяси партиялардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған жаңа құқықтық ережелер енгізілгені туралы хабардар етті.

Спикер кәсіпкерлікті дамытуға мейлінше қолайлы жағдай қалыптастыру мақсатында салық, кеден кодекстері жаңа редакцияда қабылданып, бюджет заннамасы жанартылғанын, қаржы ұйымдарына тиімді бақылау жүргізудегі Ұлттық банктің қызметін жетілдіруге бағытталған өте маңызды заңдар қабылданғанын айтты. Сондай-ақ қолданыстағы заннамаға әлеуметтік сала, ақпарат және коммуникациялар, құқық қорғау жүйесін жаңғырту, жер қатынастары, білім беру мәселелері бойынша нақты түзетулер енгізілді.

Қ.Тоқаев сонымен қатар Парламент қарауына келіп түсетін заң жобаларының мазмұндық жағынан сапасына қатысты түйткілдер әлі де өзекті екенін айта келіп, осы мәселеге Үкіметтің назарын аударды. Асығыс дайындалған жобаларда кездесетін олқылықтар заңнамада қайшылықтардың орын алуына жол беруі ықтимал екені айтылды.

Сенат төрағасы сессия барысында бірлесіп атқарған нәтижелі қызметтеріне орай әріптес сенаторларға алғыс айтты және еліміздің бас қаласы – Астананың 20 жылдығына байланысты құттықтады.

– Астана – Тәуелсіздіктің қастерлі құндылықтарының бірі, Елбасы жігерінің айқын жеңісі. Елордамыз ұлтымыздың мақтанышы, ұлттық идеологиямыздың нышаны. Қазақстанның болашағы енді жаңа елордамыздың дамуымен тікелей байланысты. Себебі, бұл қала халқымыздың тағдырында ерекше орын алатын болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сессиядағы соңғы жалпы отырыста сенаторлар Қазақстан Үкіметі мен Біріккен Ұлттар ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) арасындағы ФАО-ның Қазақстандағы Байланыс және әріптестік жөніндегі бюросын құру туралы келісімді ратификациялады. Елімізде ФАО-ның Байланыс және әріптестік жөніндегі бюросын құру үшін республикалық бюджеттен келесі бағыттарда қаражат көзделген: «Сыртқы істер министрлігінің «Қазақстанның халықаралық ұйымдарға, өзге де халықаралық және басқа органдарға қатысуы» бюджеттік бағдарламасы бойынша 300 мың доллар мөлшерінде – еліміздің ФАО-ға жыл сайынғы жарнасы», «ерікті жарналарға – жабдық пен автокөлік сатып алу үшін ФАО-ға 25 миллион 197 мың теңге сомасында бір реттік жарна». Бұдан бөлек, «Ауыл шаруашылығы министрлігінің офистік үй-жайды жалдауға арналған шығысы – 44 миллион 208 мың теңге сомасында» беріледі. Ал, «Агроөнеркәсіптік кешен және табиғатты пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер мен іс-шаралар» бағдарламасы шегінде ФАО-ның халықаралық консультанттарын тарту арқылы ғылыми жобаларды іске асыру кезіндегі жыл сайынғы бірлесіп қаржыландырудың ең төменгі мөлшері – 2 000 000 долларды құрайды.

Жиында заннамаға венчурлік қаржыландыру мәселелері бойынша түзетулер қабылданды. Сондай-ақ «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңды да құптады. Отырыс соңында сенаторлар депутаттық сауалдарын жария етті.

Жиын

ҚҰРЛЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ФОРУМ ӨТТІ

Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова елордадағы Тәуелсіздік сарайында өткен, Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кенесіне (АӨСШК) мүше елдердің ұлттық-мәдени орталықтарының «Астанаға ыстық ықыласпен» атты азаматтық форумына қатысты.

Мемлекеттік хатшы форум қатысушыларына арналған құттықтау сөзінде Елбасы Н.Назарбаевтың «Астана елімізге қуатты пассионарлық серпін берді және Қазақстанның көпэтносты халқын өзінің ортақ тарихи тағдырының бірегейлігін сезінуге, өз күшіне сенуге септігін тигізді» деген сөзіне назар аударды.

– Тарихи өлшем тұрғысынан алғанда қысқа мерзім ішінде Қазақстанның жаңа елордасы ел Тәуелсіздігінің символына, Мемлекет басшысының стратегиялық бағдарының жүзеге асырылуының жарқын мысалына айналды, – деді Гүлшара Әбдіқалықова.

Мемлекеттік хатшы Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кенесінің негізгі басымдығы Азия мемлекеттері арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайту, тұрақтылықтың орнықты құрылымын қалыптастыру екенін айтты. Өткен 25 жылда ұйым құрлықтағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қамтамасыз етудің сенімді тетігіне айналды.

Мемлекеттік хатшы форумда мәдениетаралық ынтымақтастықтың жаңа жолдары, этносаралық келісімді нығайтудағы азаматтық қоғамның рөлі жөнінде ашық әрі тиімді диалог өрбітініне сенім білдірді.

Іс-шараға Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Л.Прокопенко, Парламент депутаттары, дипломатиялық миссиялар, мемлекеттік органдар, этномәдени және жастар бірлестіктері, елшіліктер жанындағы ұлттық-мәдени орталықтар өкілдері, халықаралық сарапшылар, сондай-ақ ғылыми және шығармашылық зиялы қауым өкілдері қатысты.

Форум аясында Қазақстан халқы ассамблеясы мен Өзбекстанның Министрлер кабинеті жанындағы Ұлтаралық қатынастар мен достық байланыстар жөніндегі комитет арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Азиялағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кенесіне мүше елдердің ұлттық-мәдени орталықтарының форумы 2008 жылдан бері Қазақстан халқы ассамблеясының қолдауымен жыл сайын өткізіліп келеді. 2014 жылы АӨСШК атқарушы комитеті мен Қазақстан халқы ассамблеясы арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

26 мемлекет (Ауғанстан, Әзірбайжан, Бахрейн, Бангладеш, Вьетнам, Египет, Үндістан, Ирак, Израиль, Иордания, Иран, Қазақстан, Катар, Камбоджа, Қытай, Қырғызстан, Моңғолия, Пәкістан, Палестина, Корея, Ресей, Біріккен Араб Әмірліктері, Тәжікстан, Тайланд, Түркия, Өзбекстан) – Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кенесінің мүшесі.

12 ел мен халықаралық ұйым (Беларусь, Индонезия, Шри-Ланка, Украина, АҚШ, Жапония, Малайзия, Филиппин, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық ұйымы, ТүркПА және Араб мемлекеттері лигасы) байқаушы мәртебесіне ие.

Сондай-ақ Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның отырысына қатысты. Г.Әбдіқалықова басқосуда сөйлеген сөзінде Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында адами капиталды дамыту маңызды міндеттің бірі ретінде аталғанына тоқталды.

– Қазақстанның одан әрі дамуы мүлде өзгеше ойлау жүйесін қалыптастыруды және тез үйреніп, бейімделе білу қабілетін талап ететін цифрлы дәуірдің жаңа жаһандық трендеріне сәйкес жүргізілетін болады. Ол үшін біз, ең алдымен, білім саласын жаңа инновациялық индустрияландыру талаптарына бейімдеуіміз қажет, – деді Мемлекеттік хатшы.

Комиссия отырысы аясында Білім және ғылым министрлігінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының іске асырылуы жөніндегі ақпараты тыңдалды, сондай-ақ баска да бірқатар мәселелер қаралды. Комиссия шешімімен стипендия әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында магистратура, докторантура бағдарламалары бойынша оқуға және тағылымдамадан өтуге жіберілетін 76 үміткерге тағайындалды.

Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова жиын қорытындысы бойынша «Болашақ» халықаралық стипендиясын іске асыруды одан әрі жалғастыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Дайындаған Айхан ШӘРІП